

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды. Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

## **Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері**

*(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына жүргізілген мониторинг негізінде)*

## **Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу**

*2026 жылдың 31 наурызына қарай қалыптасқан деректер*

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халық депозиттерін тарту мен жүйелік тәуекел<sup>1</sup> үшін төленетін жарна бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді.

2026 жылы 6 наурызда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 18,0% деңгейінде қалдыру туралы шешім қабылдады. Ол осы деңгейде өткен жылдың қазан айынан бері сақталып келеді. Сонымен банктер 2026 жылдың наурыз айында әртүрлі бағытта әрекет жасады: бірі мөлшерлемелерді нүктелі түрде өсірген болса, басқалары, керісінше төмендетті, ал 1 орташа банк өзінің депозиттік өнімдерінің қатарын толықтырды.

---

<sup>1</sup> халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады

**Депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:**

Депозиттің түрлері	Өзгерістер		
	▲	▼	+
Мерзімсіз салымдар	-	-	-
Толықтыру құқығы бар мерзімді салым-р	-	-	+1 банк
Толықтыру құқығы жоқ мерзімді салым-р	-	-	+1 банк
Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар	2 банк	2 банк	-
Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар	-	3 банк	-
Мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер	1 банк	-	-



## Мерзімсіз депозиттер<sup>2</sup>


**Мерзімсіз депозиттер** өзінің барынша икемділігімен ерекшеленеді. Мұндай қаржы құралы қаражатты емін-еркін толықтыруға, кез келген уақытта азайтылмайтын қалдық шегінде ақша алуға мүмкіндік береді. Сыйақы жоғалмайды.

Ағымдағы жағдайда банктердің сайттарында орналастырылған ақпаратқа сәйкес депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы 21 банктің 18-і клиенттеріне мерзімсіз депозиттер ұсынады. Мерзімсіз депозиттер бірінші кезекте қаражатты емін-еркін пайдалануға бағытталғандықтан, олардың табыстылығы салымдардың басқа түрлерімен салыстырғанда төменірек болып келеді. Дегенмен ұсынылатын мөлшерлемелер инфляциядан жоғары. Сәйкесінше қаражаттың өтімділігін сақтай отырып, салымшыларға нақты табыстылықты қамтамасыз ете алады.

Айталық, 2026 жылдың наурызында мерзімсіз депозиттер бойынша минималды мөлшерлеме 13,0%<sup>3</sup>-ды құрады, ал максималды мөлшерлеме 16,9%-ға жетті. Сегмент бойынша орташа мөлшерлеме 15,3%-ға тең. Ол осы деңгейде 2025 жылдың желтоқсан айынан бері өзінің тұрақтылығын сақтап келеді.

2026 жылдың наурызында банктердің сайттарында мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің өзгергендігі туралы ақпарат жарияланбады.

### 1-графика. Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер<sup>4</sup>



<sup>2</sup> Мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

<sup>3</sup> іріктемеге инфляция деңгейінен төмен мөлшерлеме ұсынатын 2 банктің депозиттік мөлшерлемелері енгізілмеді

<sup>4</sup> Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдары жоқ банктер бойынша олар 13 айға ұсынатын мөлшерлемелер пайдаланылды



## Мерзімді депозиттер<sup>5</sup>


**Мерзімді депозит** – бұл жинақ және мерзімсіз өнімдер арасындағы ымыралы нұсқа: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары пайыздық мөлшерлеме ұсынылады және талаптары қаражатты басқаруда жинақ салымдарға қарағанда едәуір икемді. Яғни ақшаны сақтау және молайту үшін тартымды қаржы құралы. Мерзімді салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрі бар.

2026 жылдың наурызында банктердің сайттарында мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің өзгергендігі туралы ақпарат жарияланбады. Тек жалғыз өзгеріс: сегментте жаңа ойыншы пайда болды.

### Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар

2026 жылдың наурызында 1 орташа банк өзінің депозиттік өнімдерінің қатарына толықтыру құқығы бар мерзімді салымды қосты. Мерзімі 3 айдан 24 айға дейін. Нәтижесінде осындай өнім ұсынатын банктердің саны 8-ге жетті. Сегментте ұсыныстардың көпшілігі 3 айдан 12 айға дейінгі қысқа мерзімдерге шоғырланған. Едәуір жоғары табыстылық 3 айлық мерзімде көрсетілген: максималды мөлшерлеме 20,0%-ды (3 банкте) және 19,5%-ды (2 банкте) құрайды. Сегментте ең аз мөлшерлеме 24 айлық мерзім бойынша 5,1%-ды құрайды және оны таяуда осы сегментке шыққан банк ұсынады. Салыстырып қарайтын болсақ, бұдан бір ай бұрын ең аз мөлшерлеме 24 айдан жоғары мерзім бойынша 10,0%-ды құраған еді.

### 2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер




<sup>5</sup> Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттық талаптары бойынша Әдістемеді көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит

## Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер

Банктердің сайттарында ұзақ уақыт (2024 жылдың мамырынан бері) толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер бойынша ұсыныстар болған жоқ. Оның үстіне салымшылар толықтыру мүмкіндігі бар депозиттік өнімді қалайды. Бұдан басқа, банктер жинақ салымдар бойынша анағұрлым тартымды табыстылық ұсынады. Сонымен бірге мерзімді депозиттер сегменті 2025 жылдан бастап белсенді түрде өсе бастады: ақшаны мерзімінен бұрын алу тәртібі едәуір икемді екендігімен қатар, олар бойынша сыйақы мөлшерлемесі жинақ депозиттердің сыйақы мөлшерлемелерімен теңесті. Осыған байланысты толықтыруға болатын және болмайтын мерзімді депозиттердің көлемі артуы мүмкін деп болжам жасауға болады. Айталық, 2026 жылдың наурызында 1 орташа банк осы депозит түрін қабылдай бастады. Банк мерзімі 3 айдан 24 айға дейін болатын салымдарды ұсынуда. Максималды мөлшерлеме 6 айлық мерзім бойынша 18,0%-ды, ал минималды мөлшерлеме 24 айлық мерзім бойынша 12,2%-ды құрайды.

Нәтижесінде қазіргі уақытта бұл сегментте 1 банк көрсетілген. Осыған байланысты сегменттің алдағы даму барысы оған қатысушылар санының артуына тәуелді болмақ.

**3-графика. Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер**





## Жинақ депозиттер

**Жинақ депозиттер** – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым. Алған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі. Жинақ салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

### Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер


Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар сегментінде 2026 жылдың наурызындағы жағдай бойынша 12 банк жұмыс істейді.

Наурызда келесі өзгерістер орын алды:

- ▲ 1 кішігірім банк – 3 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 1,5 пайыздық тармаққа (п.т.) көтеріп, 20,0%-ға жеткізді;
- ▲ ▼ 1 кішігірім банк – 3 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 1,0 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға жеткізді, бірақ 6 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 0,5 п.т.-қа төмендетіп, 19,0% деп көрсетті;
- ▼ 1 орташа банк – 6 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 0,3 п.т.-қа төмендетіп, 17,5% деп көрсетті.

Нәтижесінде 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша 20,0%-дық максималды сыйақы мөлшерлемесін 6 (2 орташа және 4 кішігірім) банк ұсынуда. 24 айлық мерзім үшін ұсынылған минималды ұсыныс 5,1%-ды құрайды.

### 4-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелер






## Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттерді 14 банк ұсынады. 2026 жылдың наурызында бұл сегментте мөлшерлемелердің жекелеген төмендетілу деректері тіркелді.

- ▼ 1 орташа банк – 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемені 0,4 п.т.-қа төмендетіп, сәйкесінше 18,1% және 19,6%-ға тұрақтандырды;
- ▼ 2 орташа банк – 6 айлық мерзімге арналған мөлшерлемені 0,1 п.т.-қа төмендетіп, 19,3% және 1,5 п.т.-қа төмендетіп, 18,5% деңгейінде қалыптастырды.

Сегментте 6 айлық мерзімге арналған максималды мөлшерлеме 20,5%-ды құрады (бұл бір кішігірім банктің ұсынысы). 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша 20,0% мөлшеріндегі сыйақыны 6 банк (2 орташа және 4 кішігірім банк) ұсынуда.

### 5-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер





## Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер

Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Сыйақыларды есептеу механизмі екі элементтің негізінде жасалады: базалық көрсеткіш, мысалы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі немесе инфляция деңгейі және тиянақталған үстеме (спред). Банк пайыздық спредтің шамасын шарт жасау барысында тиянақтайды және пайыздық спредтің мөлшерін арттыру және (немесе) салым мерзімін ұзарту жағдайын қоспағанда, өзгертуге жатпайды. Базалық көрсеткіш өскен кезеңдерде (мысалы, инфляцияның немесе базалық мөлшерлеменің өсуі), құбылмалы сыйақы мөлшерлемелері жоғары табыстылық алуға мүмкіндік береді. Егер базалық көрсеткіштің мәні төмендесе, сыйақы мөлшерлемесі де төмендейді.

Бұл депозит түрі 2 банктің салымдар желісінің қатарына енгізілген.

2026 жылдың наурызында 1 банк өзінің депозиттік желісінен 6 айлық орналастыру мерзімі бар өнімді алып тастады. Нәтижесінде, қазіргі уақытта қарастырылып отырған сегментте екі банк тек 12 ай мерзімге депозиттер ұсынады. 2026 жылдың наурызында дәл осы банк 12 айлық мерзім бойынша теріс спредті базалық мөлшерлемеге қатысты 3,25 п.т.-тан -3,0 п.т.-қа дейін қысқартты. Нәтижесінде сыйақы мөлшерлемесі 0,3 п.т.-қа көтеріліп, 16,2%-ға жетті.

### 6-графика. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелер



## Тұжырымдар

2026 жылдың наурызында жеке тұлғалардың депозиттері нарығында бірқалыпты даму барысы сақталды. 2025 жылдың 4-тоқсанында депозиттер бойынша талаптар жаппай қайта қаралған соң, ағымдағы жағдайда өзгерістер тек жекелей сипатта ғана орын алды: жекелеген банктер табыстылықты көтеру жағына қарай да, төмендету жағына қарай да түзетті. Ондағы мақсат – базалық мөлшерлеменің тұрақтылығы аясында өз шығындарын оңтайландыру немесе клиенттерді тарту/ұстап қалу.

Бір мезгілде ұсыныстардың құрылымы да өзгеріп жатқандығы байқалады. Салымшылдар үшін бәсеке жинақ салымдар сегментінен мерзімді салымдар сегментіне ойысуда. Банктер табыстылықты жинақ салымдар деңгейінде ұсына отырып, талаптары анағұрлым икемді мерзімді салымдардың көлемін арттыра түсуде. Орын алып жатқан өзгерістер депозиттердің әр түріне деген сұраныстың қандай екендігін тексеріп білуге және талаптарды ағымдағы бәсекелі ортаға бейімдеуге ұмтылуға байланысты болса керек. Енді сегменттің алдағы даму барысы жаңа ойыншылардың мерзімді салымдар үшін қаншалықты күрес жүргізетіндігіне тәуелді болмақ.

Жалпы жағдай салымшылар үшін қолайлы болып қала береді: ең жоғары мөлшерлемелер 20,0% - ға жетеді, бұл ретте ақша салу және қаражатты мерзімінен бұрын алу бойынша белгілі бір шектеулермен депозит түрін таңдау мүмкіндігі бар. Ең қолайлы жағдайлар әлі де қысқа мерзімге бағытталған. Бұл Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеменің одан әрі траекториясы туралы риторикасын ескере отырып, қисынды<sup>6</sup>. Ұлттық Банктің базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешімі 2026 жылғы 24 сәуірде күтіледі.

ҚДКБҚ өз кезегінде тағы да еске салады: депозиттік өнімдерді таңдау барысында салымшылар сыйақы мөлшерлемесін ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескергендері жөн. Банк салымы шартына қол қоймай тұрып, оның талаптарымен мұқият танысып шығуға, депозитті толықтыру және одан ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай алу, келесі мерзімге автоматты түрде ұзартылу мүмкіндіктеріне, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да маңызды талаптарына көңіл бөлуге кеңес береміз.

ҚДКБҚ кепілдіктерінің бар екендігінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтау және молайту жолында сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қалуда. ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты.

---

<sup>6</sup> «Базалық мөлшерлемені 18,0% деңгейінде сақтау туралы» баспасөз хабарламасы, 2026ж. 23 қаңтары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі: <https://nationalbank.kz/file/download/116801>  
«Базалық мөлшерлемені 18,0% деңгейінде сақтау туралы» баспасөз хабарламасы, 2026ж. 6 наурызы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі: <https://nationalbank.kz/file/download/121624>

Сәйкесінше ол:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден** асырылмайды.

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.